

**«Кітапханатану» пәні бойынша  
Ұлттық біліктілік тестілеуге арналған  
тест спецификациясы**

**1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында Ұлттық біліктілік тестілеуге арналған тест тапсырмаларын әзірлеу үшін құрастырылған.

**2. Міндеті:** Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.

**3. Мазмұны:** «03220100 - Кітапхана ісі» мамандығы, 4S03220101 – Кітапханашы біліктілігіне арналған «Кітапханатану» пәні бойынша педагогтарды аттестациялауға арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
1	Кітапханалар және олардың әлеуметтік қызметі.	1	Әлемнің көне кітапханалары.
		2	Қазақстандағы кітапханалар жүйесі.
		3	Әмбебап және ғылыми кітапханалар.
		4	Халықаралық кітапханалық-библиографиялық ынтымақтастық.
2	Пайдаланушыларға қызмет көрсету нысандары	5	Кітапхана абонементі
		6	Кітапхананың оқу залы.
		7	Кітапханадан тыс қызмет көрсету түрлері.
3	Кітапханада пайдаланушылардың қызығушылығын зерттеу	8	Оқырман формулярына талдау.
4	Кітапхана пайдаланушыларына жекелей қызмет көрсету	9	Оқырмандарға жекелей кітапханалық қызмет көрсету.
5	Кітапхананың көпшілік жұмысы	10	Көпшілік жұмыстың түрлері.
		11	Кітап көрмелерінің түрлері.
		12	Кітапханалық кеш.
		13	Әдістемелік жұмыс
6	Кітапхананың мүмкіндігі шектеулі адамдармен жұмысы	14	Кітап қорының ерекшелігі.
7	Кітапхана жұмысын ұйымдастыру	15	Кітапхана жұмысын жоспарлау.
		16	Кітапхананың есебін жүргізу
		17	Кітапханалық менеджмент.
		18	Кітапхана ғимараты және интерьер.
Мәнмәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б).			

#### **4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:**

**Кітапханалар және олардың әлеуметтік қызметі:** Оқырмандардың сұранысына және мақсатына қарай кітапханалардың типтері. Көпшілік (бұқаралық) кітапханалар. Кітапханаларды орталықтандыру жүйесі. Орталықтандырылған аудандық кітапханалар (ОАК). Кітапханалар – бөлімшелер. Халықаралық кітапханалық Ассоциациялар Федерациясы және ИФЛА мекемесінің қызметі.

**Пайдаланушыларға қызмет көрсету нысандары:** Кітапхана абонементі. Абонементтің түрлері. Кітапхананың оқу залы. Оқу залының түрлері. Кітапханадан тыс қызмет көрсетудің түрлері. Кітапханааралық абонемент (КАА). Халықаралық кітапханааралық абонемент (ХКАА).

**Кітапханада пайдаланушылардың қызығушылығын зерттеу:** Оқырман формулярымен жұмыс.

**Кітапхана пайдаланушыларына жекелей қызмет көрсету:** Кітапханаларда оқырмандарға жекелей қызмет көрсету

**Кітапхананың көпшілік жұмысы:** Көпшілік жұмыстардың түрлері. Кітапханадағы көрнекі ақпарат. Кітап көрмесі, оларға қойылатын талаптар. Кітапханалық кеш және оның түрлері. Оқырман конференцияларының түрлері. Кітап беташары және кітаптарды талқылау, олардың әдебиеттерді насихаттаудағы орны. Кітапхананың әдістемелік жұмысы.

**Кітапхананың мүмкіндігі шектеулі адамдармен жұмысы:** Кітап қорының ерекшелігі.

**Кітапхана жұмысын ұйымдастыру:** Жоспарлаудың түрлері және оларды құрастырудың ерекшеліктері. Жоспар – есеп. Есепке алудың түрлері. Кітапхана ғимараты және интерьер.

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы:** Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**6. Тест тапсырмаларының формалары:** Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

#### **7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты:**

Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минутты құрайды.

#### **8. Бағалау:**

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады.

Бірнеше жауап нұсқасынан барлық дұрыс жауаптар үшін – 2 балл, жіберілген бір қате үшін – 1 балл, екі және одан көп қате жауап үшін – 0 балл беріледі.

#### **9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:**

1. Кітапханатану: Оқу құралы / Е.Ж. Әли, Ш.Б. Мукашева, М.Ш. Нурпеисова, А.А. Тиерменова. - Нұр-Сұлтан: «Кәсіпқор» Холдингі» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, 2019.-145 б.

2. Библиотечные сети и системы Казахстана : учеб. пособие для библ. спец. – Павлодар : Кереку, 2009. – 202 с.
3. Болатова О. Ж. Кітапхана қызметіндегі көрме жұмысы / О. Ж. Болатова, К. Т. Қасымжанова ; ҚР Ұлттық кітапханасы. – Алматы, 2010. – 85 б.
4. Галиев, В. З. Библиотечное дело в Казахстане. – Алматы: [б.и.], 1998.-140с.
5. Гаскюэль, Ж. Пространство для книги : руководство для всех тех, кто строит, оборудует и обновляет библиотеку. – М. : Рудомино, 1995. – 303 с.
6. Кітапхана қорларын ұйымдастыру және анықтамалық-библиографиялық қызмет көрсету: оқу құралы / Г.М. Султанова, А.Б. Закирьянова, Ж.К. Кенжебекова, Ж.А. Керимбаева– Нұр-Сұлтан: «Кәсіпқор» Холдингті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, 2019.-124 б.
7. Кітапханатану. Библиография. Кітаптану = Библиотековедение. Библиография. Книговедение : мақалалар жинағы / ҚР Ұлттық кітапханасы . – Алматы, 2016. – 29-шығарылым. – 121 б.
8. Кітапханашы анықтамалығы : 2-бөлімнен тұрады / ҚР Ұлттық кітапханасы ; жауапты ред. Ж. Т. Сейдуманов ; құраст. : К. К. Қоштаева, Г. А. Маханбетова, Г. Т. Рахимжанова, Г. Т. Ауғанбаева. – Алматы, 2016. – 2-бөлім. – 240 б.
9. Нұржанова Г.И., Нұрахметова К.Г. Кітапханатану:оқу құралы.-Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2013.-168 б
10. Морева, О. Н. Организация библиотечного фонда : учеб.-практ. пособие / О. Н. Морева. – С-Пб. : Профессия, 2012. – 128 с.
11. Насырова, А. А. Организация библиотечных фондов и каталогов : учеб. пособие / А. А. Насырова, А. С. Аманова. – Павлодар : Арман-ПВ, 2007. – 202 с.
12. Раймбекова, М. Т. Кітапхана каталогтары : оқу құралы / М. Т. Раймбекова ; Әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2018. - 209 б.